



АТҚАРУ КОМИТЕТІ

ИСПОЛНИТЕЛЬНЫЙ КОМИТЕТ

ҚАУЛЫ ПОСТАНОВЛЕНИЕ

22.02.2024 ж.

№ 31, 10-т.

**Кәсіподақ мүшелерін есепке алудың
бірыңғай базасын құру жөніндегі
жұмыстың жай-күйі туралы.**

Кәсіподақтың Орталық Комитеті шешімімен кәсіптік одақ мүшелерін бірыңғай цифрлық есепке алу бағдарламасын әзірлеу және тәжірибеге енгізу, есептіліктің барлық түрлері мен нысандарын электрондық форматқа ауыстыру туралы шешім қабылданған.

Кәсіподақ ОК қаулысының орындалуы туралы мәселе Атқару комитетінің қарауына 2021 жылғы 22 қаңтарда енгізіліп, оның қаулысымен кәсіподақ мүшелерін бірыңғай цифрлық есепке алу бағдарламасын тәжірибеге енгізу жөніндегі жұмыс жоспары бекітілді.

Аталған Жоспарға сәйкес іс жүргізу ағымдағы жылдың 1 қаңтарынан бастап электрондық құжат айналымына ауыстырылды.

Кәсіподақ мүшелерін есепке алудың бірыңғай базасын құруға келетін болсақ, жекелеген мүшелік ұйымдар Интернеттің төмен сапасына, бастауыш ұйымдардың кәсіподақ мүшелерін есепке алудың цифрлық форматына көшуге дайын еместігіне сілтей отырып, жоғары тұрған кәсіподақ органдарының шешімдерінің тиісінше орындалуын қамтамасыз етпейді.

Көбінесе ұсынылған кәсіподақ мүшелерін есепке алудың электрондық тізімдері статистикалық есептердің деректеріне қайшы келеді.

2024 жылғы 1 ақпандағы жағдай бойынша кәсіподақ мүшелерін есепке алудың цифрлық базасы «1С: Кәсіпорын» платформасына ауыстырылды, бұл бір жағынан, жұмысты жеңілдетеді, екінші жағынан, одан әрі барлық цифрлық базаларды біріктіруге, оның ішінде есептіліктің барлық түрлері мен нысандарын цифрлық форматқа ауыстыруға мүмкіндік береді. Бұл есептердің қағаз нұсқаларынан толығымен бас тартуға мүмкіндік береді.

Қазақстандық оқу-ағарту, ғылым және жоғары білім қызметкерлері салалық кәсіптік одағының 2019-2024 жылдарға арналған бағдарламасына сәйкес цифрлық технологияларды қолдану негізінде кәсіподақты одан әрі ұйымдастырушылық нығайту мақсатында Қазақстандық оқу-ағарту,

ғылым және жоғары білім қызметкерлері салалық кәсіподағының Атқару Комитеті **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Мүшелік ұйымдар кәсіподақ мүшелерін тіркеудің бірыңғай деректер базасын әзірлеуді жедел аяқтасын және 2024 жылғы 1 мамырдан кешіктірмей Кәсіподақтың Орталық комитетінің аппаратына жолдасын.

2. Кәсіподақтың Орталық комитетінің аппараты кәсіподақ қызметінің тиімділігін арттыру үшін:

- мүшелік ұйымдардың қызметкерлерімен оқыту семинарларын жүйелі түрде өткізсін;

- кестенің белгіленген нысанын толтырудың бірыңғай механизмін (нұсқаулығын) әзірлесін;

- қысқа мерзімде кәсіподақ мүшелерін есепке алудың цифрлық форматына көшуді жүзеге асыруды аяқтасын.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау кәсіподақ төрағасының орынбасары В.Ф. Беженаровқа жүктелсін.

Төраға



А. Мұқашева